

2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы N 129 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 17 сәуірде N 5-15-103 тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы N 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2013.01.16 N 15 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 29, 30 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» № 274 Жарлығының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» № 274 Жарлығын іске асыру туралы» № 326 қаулысына сәйкес, 2012 жылы көктемінде (сәуір-маусым), күзде (қазан-желтоқсан) азаматтарды мерзімді әскери қызметке уақтылы және сапалы шақыруды қамтамасыз ету мақсатында, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскери қызметке шақыру бойынша мерзімді әскери қызметті өткермеген азаматтарды

2012 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру өткізілсін.

2. Шақыру комиссиясы құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Көкпекті ауданының № 2 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына шақыру комиссиясының бағыттары бойынша әскерге шақырушылардың уақтылы тексерілуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Селолық округтарының әкімдеріне шақырылушыларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақырылғандары туралы хабардар ету және шақыру комиссиясына келуін қамтамасыз ету.

5. Көкпекті аудандық ішкі істер бөліміне ұсынылсын:

1) шақырылушыларды әскерге аттандыруда және аудандық шақыру комиссиясының жұмысы кезеңінде шақыру пунктіне қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2) мерзімді әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіру, оларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуге жәрдемдесу.

6. Көкпекті ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі «2011 жылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» № 993 қаулысының, аудан әкімдігінің 2011 жылғы 22 тамыздағы «2011 жылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 993 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» № 1185 қаулысының күші жойылсын деп есептелсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К.Р. Смайловаға жүктелсін.

8. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көкпекті ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Д. Мусин

мекемесінің бастығы
29.03.2012 ж.

«Көкпекті ауданының
Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік

М. Садыков

№ 2
директорының міндетін атқарушы

«Көкпекті ауданының
медициналық бірлестігі»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны
Н. Әубакиров

29.03.2012 ж.

ШҚО ІІД Көкпекті аудандық
ішкі істер бөлімінің бастығы Е. Сейлханов
29.03.2012 ж.

2012 жылы 29 наурыздағы
Көкпекті ауданының әкімдігінің
№ 129 қаулысына қосымша

Шақыру комиссиясының құрамы

Смаилова Клара Рафикқызы	аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Садыков Марат Далелханұлы	Көкпекті ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Жарылқасынов Бегебай Жарылқасынұлы	аудандық ішкі істер бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша)
Әубакиров НұрланҚұсманұлы	аудандық № 2 медициналық бірлестігінің директордың орынбасары (келісім бойынша)
Ахметова Жанар	аудандық медициналық бірлестігінің медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)